

«Тұран» университеті



TURAN  
UNIVERSITY

**«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫНА ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**Алматы  
«Тұран» Университеті**

**2020**

«ТҰРАН»  
УНИВЕРСИТЕТІ»  
МЕКЕМЕСІ



УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УНИВЕРСИТЕТ  
«ТҰРАН»

«Тұран» Университеті» мекемесінің  
Ғылыми кеңесінің отырысында  
бекітілді  
2020ж. 2 сәуірдегі № 10 хаттама

### **«Тұран» университетінің академиялық саясатына толықтырулар**

Елімізде ТЖ режимін енгізге және COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуын алдын-алу шараларын күшейтуге байланысты Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 ж. 12 наурыздағы № 20 қаулысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 14 наурыздағы № 108 бұйрығы, «Тұран» университетінің Ғылыми Кеңесіне сәйкес (2020 ж. 2 сәуірдегі № 10 хаттама) «Тұран» университеті ректорының 2020 жылғы 14 наурыздағы № 35 бұйрығы негізінде қолданыстағы академиялық күнтізбеге және сабақ кестесіне сәйкес оқытудың барлық деңгейлері және нысандары бойынша қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдана отырып, оқу үдерісін қашықтықтан оқытуға байланысты «Тұран» университетінің академиялық саясатына толықтыруларды бекіту туралы шешім қабылданды.

**1. «Жалпы ережелер» 3-бөлімін толықтыру.** ҚБТ бойынша оқу процесі «Платонус» ААЖ білім беру порталы және **ZOOM, Google Classroom, Cisco Webex Meetings, Google Meet** және т.б. «онлайн» сабақтарын өткізу алаңдары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте негізгі шарттар: а) сабақтың өткізілуін синхронды жазба түрде жазып алу; ә) сабақты өткізгені туралы растайтын файлдарды/құжаттарды сақтау (бейне файлдар, берілетін тапсырмаларды жазып алу, чаттағы кеңестер); б) білім алушылардың саны қатысушылар саны бойынша таңдалған қосымшаның жүйелік талаптарға сәйкестігі болып табылады:

1.1 Онлайн сабақтар нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу үрдісін камтиды (бейнеконференциялар форматында дәрістер, практикалық/семинарлық сабақтар, нақты уақыт режиміндегі «Платонус» ААЖ порталы чатындағы хабарламалар).

1.2 Оффлайн режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы асинхронды байланыса өзара әрекеттесетін оқу процесін қамтиды (корпоративті пошта, оқытушының жетекшілігімен білім алушының оқу материалмен жұмысы). Сабақты оффлайн режимде өткізу интернетке тұрақты қол жетімділігі жоқ білім алушылар үшін ғана мүмкін. Бұл жағдайда оқытушы білім алушыны алдын-ала қажетті оқу материалдарымен қамтамасыз етуі керек. Мұндай білім алушыларға тек корпоративті пошта арқылы кеңес берілу және тапсырмалар қабылдану қажет.

1.3 Оқыту келесілер арқылы жүзеге асырылады:

- «Platonus» ААЖ порталында оқу материалдарын орналастыру;
- **ZOOM, Google Classroom, Cisco Webex Meetings, Google Meet** және т.б. арқылы онлайн режимде оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу;
- білім алушыларға тапсырмаларды тек корпоративті пошта немесе «Платонус» ААЖ арқылы жіберу. Білім алушылардан тапсырмаларды тек корпоративті пошта немесе «Платонус» ААЖ арқылы қабылдау;
- міндетті түрде тұлғаны жеке сәйкестендірумен «Платонус» ААЖ-де білім алушылардың **on-line** және **off-line** режимдерінде оқу жетістіктерін бақылау;
- білім алушылардың пәндер бойынша ағымдық бағаларын кемінде аптасына бір рет сенбіден кешіктірмей «Платонус» журналына енгізу;
- білім алушыларға **ZOOM, Google Classroom, Cisco Webex Meetings, Google Meet** және т.б., корпоративті пошта, «Платонус» ААЖ, «WhatsApp», «Telegram»-дағы чаттар арқылы онлайн және оффлайн режимдерінде кеңес беру және кері байланыс орнатуды ұйымдастыру.

2. «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау» 8, «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» 9, «Қазақстанның қазіргі тарихы» бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу 11, «Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау» 12, «Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау» 13 бөлімдеріне толықтырулар. ҚБТ қолдана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде университетте білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, межелік және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі «Тұран» университетінде Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, межелік және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы қолданыстағы ережеге толықтырулармен регламенттеледі.

3. **«Білім алушылардың ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмыстары» 7, «Практиканы ұйымдастыру және өткізу» 10 бөлімдеріне толықтырулар.** ҚБТ қолдана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде білім алушылардың кәсіби практикасын, ғылыми тағылымдамасын, ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәртібі қолданыстағы ішкі локальді нормативтік актілерге толықтырулармен регламенттеледі:

- Ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес (24.10.2019 № 4 хаттама) ректордың 25.10.2019ж. № 260 бұйрығымен бекітілген **«Кәсіптік практика»** (ТУ ПРО 807–19) құжатталған процедурасы;

- Ректордың 22.12.2019ж. № 274 бұйрығымен бекітілген **бакалавриат студенттерінің кәсіптік практикасы туралы ереже** (ТУ ПРО 807–02–02–20);

- Ректордың 20.09.2018ж. № 84 бұйрығымен бекітілген **магистранттардың кәсіптік практикасы туралы ереже** (ТУ Е 710–01–01–18);

- Ректордың 20.09.2018ж. № 84 бұйрығымен бекітілген **докторанттардың кәсіптік практикасы туралы ереже** (ТУ Е 710–02–18);

- Ғылыми кеңестің шешімімен (24.10.2019 ж. № 4 хаттама) (МҒЗЖ, МЭЗЖ, ДҒЗЖ, ғылыми тағылымдамаға қойылатын талаптар тұрғысынан) ректордың 25.10.2019 ж. № 260 бұйрығымен бекітілген **«ЖОО-дан кейінгі білім»** құжатталған процедурасы (ТУ ПРО 808–19).

4. **Студенттерге қызмет көрсету орталығы туралы 24-бөлімге толықтыру.** Студенттерге қызмет көрсету орталығы және Офис Регистратор білім алушыларға барлық академиялық мәселелер бойынша онлайн режимінде тәулік бойы қызмет көрсетеді.

5. Академиялық мәселелер департаменті оқу процесін ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелер бойынша ОҚП-ға онлайн режимінде тәулік бойы қолдау көрсетеді.

6. IT және ақпараттық және кітапханалық ресурстар бөлімі білім алушылар мен оқытушыларға [helpdesk@turan-edu.kz](mailto:helpdesk@turan-edu.kz) электронды пошта мекенжайы арқылы сайтқа ақпарат орналастыру, Telegram мессенджерінде вебинарлар мен чаттар жүргізу бойынша техникалық қолдауды тәулік бойы көрсетеді.